



Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№38 (1904) 16 ҚАЗАН 2023 ЖЫЛ

## Қытай - Орталық Азия жоғары оқу орындары форумы өтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Бір белдеу – бір жол» бастамасының 10 жылдығына орай Қытай – Орталық Азияның жоғары білім беру саласындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция: индустрия мен білім берудің интеграциясы» атты ынтымақтастық форумы өтті.

Ауқымды шараға ҚР Президентінің Кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмет-Заки, ҚХР-дың Алматы қаласындағы Бас консулы Цзян Вэй, Сиань Цзяотун университетінің Президенті Ван Шугуо, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы

– Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, шетел дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекеме басшылары, ҚХР және Орталық Азия жоғары оқу орындарының ректорлары, ғалымдар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастары қатысты.

Жалғасы 2-бетте

## Ректор Ұлыбритания елшісімен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Ұлыбританияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Кэти Лич бастаған делегация арнайы іссапармен келді.



Кездесу барысында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев университет пен Ұлыбританияның жоғары оқу орындары арасында ынтымақтастық туралы 10 келісімге қол қойылғанын атап өтіп, білім ордасы Ұлыбританияның жоғары оқу орындарымен серіктестікті одан әрі дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Өткен жылы ҚазҰУ-дың білім алушы жастары мен оқытушы-профессорлар құрамы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Ұлыбритания университеттерінде өткен түрлі конференцияларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысып, тағылымдамадан өткен болатын.

Өз кезегінде елші Кэти Лич Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы ғылым мен білім бойынша қарым-қатынасты одан әрі арттыруға бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына осы жылдың мамыр айында жасаған мемлекеттік сапары аясында Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің филиалын ҚазҰУ-да ашу жөнінде келісім жасалған еді.

## Қытай университетінің филиалы ашылды



Екі ел Президенттерінің қатысуымен өткен кездесуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев пен ҚХР-дың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Чжан Сяо ынтымақтастық орнату және

университеті Кеңесінің Төрағасы Ли Янронг бастаған делегация, ҚХР-дың Алматы қаласындағы Бас консулы Цзян Вэй, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ЖОО ректорлары, ғалымдар, оқу ордасының



филиал ашу туралы келісімге қол қойған болатын. Аталған келісім негізінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚХР Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің филиалы ашылды.

Салтанатты шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов, Солтүстік-Батыс политехникалық уни-

оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Жансейіт Түймебаев пен Ли Янронг кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізіп, ҚазҰУ базасында Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің (СБПУ) филиалын ашуда екіжақты қарым-қатынасты айқындайтын келісімге қол қойды.

Жалғасы 2-бетте



Әл-Фараби  
мұрасы  
ұлықталды

3 >>



Заңғар заңгер  
Сұлтан Сартаев

4 >>



Ұстазымыз  
әрбір мәселені  
кәсіби түрде  
шешетін

7 >>

## Қытай университетінің филиалы ашылды



Соңы.  
Басы 1-бетте

«Қазақстан үшін бұл маңызды оқиға деп санаймын. Елімізде алғаш рет Қытай университетінің филиалы ҚазҰУ-да ашылып отыр. Мақсат – ғылым саласында бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізу, техникалық бағытта студенттер даярлау және оқытушылармен алмасу. Бұл білім беру ұтқырлығын арттыруға көмек береді»

ғылымды дамытуда рөлі артып келе жатқанын атап өтті.

Өз кезегінде Солтүстік-Батыс политехникалық университеті Кеңесінің Төрағасы Ли Янронг сөз сөйлеп, бүгінгі айтулы шараның маңыздылығына тоқталды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстандағы көшбасшы жоғары оқу орны болса, СБПУ университеті Қытайдың техникалық бағыттағы көшбасшы жоғары оқу орны болып



және географиялық кедергілерді азайтады. Жастарымыз Қытай елінің жоғары оқу орындарында оқығысы келсе, ҚазҰУ-да ашылған СБПУ университетінің филиалына оқуға түсе алады», – деді университет ректоры Жансейіт Түймебаев.

Ашылу рәсімінде ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев сөз сөйлеп, ҚазҰУ-да филиалдың ашылуы еліміз үшін техникалық мамандарды даяр-

саналады. Екі университет басшылығының келісімімен филиалда Қазақстанға қажетті мамандар дайындайтын білім беру бағдарламасын жүзеге асырып отырмыз», – деді Ли Янронг.

Филиал ҚазҰУ Технологиялық паркінің бірінші қабатында орналасқан. Білім алушы жастар үшін барлық жағдай жасалған. Зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында арнайы зертханалық аудиториялар



лауда маңызды қадам екенін жеткізді. Сонымен қатар жиында ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов қатысушыларды филиалдың ашылуымен құттықтап, зерттеу университеттерінің

жасақталды. Аталған филиалда оқыған студенттер Қытайдағы СБПУ университетіне арнайы барып, тағылымдамдан өтеді. Оқуын аяқтағаннан соң түлектерге екі университеттің дипломы беріледі.

## Қытай – Орталық Азия жоғары оқу орындары форумы өтті

Соңы. Басы 1-бетте

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың форум қатысушыларына жолдаған құттықтау хатын Мәлік Отарбаев оқып берді. Құттықтау хатта: «Төртінші өнеркәсіптік революция: Индустрия мен білім интеграциясы» форумы білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін академиялық әлем мен өндіріс арасындағы көпірге айналады. Қытай мен Орталық Азияның жоғары оқу орындары форумы өнеркәсіп пен білім интеграциясы үшін өзара байланыс құруға, университеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға жол ашады деп сенемін», – делінген.



Республикасының жетекші жоғары оқу орындарының бірі бола отырып, Ыстамбұл және Бішкек қалаларында өз фи-

білім және ғылыми-инновациялық процеске инновациялық технологияларды енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында жүзеге асырылып жатқан инновациялық жобаларды ерекше атап өтім келеді. Біз ақпараттық жүйелер, білім беру мекемелеріне арналған ғарыш аппараттары және т.б. ғылыми жобаларды білеміз. Бүгінгі форум Қытай және Орталық Азия елдерінің жоғары оқу орындарының тығыз қарым-қатынас орнауына және нығаюына үлкен сеп болатыны сөзсіз», – деді вице-министр.

Сондай-ақ форумда Сиань Цзяотун университетінің Президенті Ван Шугуо: «Қазір технологияның дамыған уақыты. Ғылым саласы күн сайын өзгеріп, жаңа технологиялар шығып жатыр. Сол себепті Қытай және Орталық Азия елдеріндегі



Форумда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйледі.

«2023 жылдың 17 мамырында Қытай Халық Республикасында алғаш рет «Орталық Азия – Қытай» саммиті өткен болатын. Жиынға Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан Президенттері қатысты. Аталған саммиттің жалғасы ретінде бүгін ҚазҰУ-да Қытай мен Орталық Азияның жоғары оқу орындары форумы өтуде. Бұл шара университеттер арасындағы білім және ғылым саласы бойынша ынтымақтастықты арттыруға бағытталған. Орталық Азия елдерінің Қытаймен ынтымақтастығын дамыту барысында «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасының маңызы зор. Ол инфрақұрылым құруға және Еуропа мен Азия елдері арасында байланыс орнатуға үлкен септігін тигізіп отыр. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ-

лиалдарын ашты. Жуырда ҚазҰУ базасында Қытайдың Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің филиалы ашылды», – деді ректор.



Өз кезегінде ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмет-Заки бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталды.

«Цифрлық әлем дәуірінде университеттер инновациялар

жоғары оқу орындары бірлесіп, болып жатқан өзгерістерді тез меңгеріп, заман ағымымен бірге жүруіміз қажет», – деп өз ойын ортаға салды.

Сонымен қатар шара барысында ҚХР-дың Алматы қаласындағы Бас консулы Цзян Вэй, Тәжікстанның Бас консулы Равшан Бобохонзода, Өзбекстанның Бас консулы Абдурахим Каюмов, Қырғыз Республикасы Президенті жанындағы басқару академиясының ректоры Алмазбек Акматалиев сөз сөйледі.

Орталық Азия – Қытай жоғары білім ынтымақтастық форумының қорытындысы бойынша жоғары оқу орындарының басшылары «Almaty» Консенсусына қол қойды және бірқатар бастаманы қабылдады.

Форум жұмысы панельдік сессияларда жалғасты.



ның тұрақтылық жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабын тұрақты басқаратын Қазақстан

мен технологияларды дамыту мен қолдануда маңызды рөл атқарады. Бұл бағытта қазақстандық жоғары оқу орындары

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түркияның Алматыдағы Бас консулы Эврен Мүддеррисоғлымен кездесті.

## Түркияның Алматыдағы Бас консулы ҚазҰУ-да болды



Жүздесу барысында университет басшысы құрметті қонаққа ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспары туралы ақпарат берді. Өз сөзінде ректор ҚазҰУ мен Түркия жоғары оқу орындары арасындағы байланыстар қарқынды дамып келе жатқанын айтты.

«Екі бауырлас мемлекеттің ынтымақтастығы көпжақты сипатта табысты дамып келеді. Соның бірі осы ғылым мен білім саласы бойынша. Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түркияның 45 жоғары оқу орнымен байланыс орнатқан. Жыл сайын академиялық ұт-

қырлық бағдарламасы арқылы оқытушылар мен студенттер тағылымдамадан өтіп тұрады. Бүгінге дейін Түркияның жоғары оқу орындарымен бірлесіп түрлі конференциялар, симпозиумдар, кездесулер өткіздік. Аталған жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады деп сенемін», – деді ректор.

Өз кезегінде Түркияның Алматыдағы Бас консулы Эврен Мүддеррисоғлы жоғары деңгейдегі екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту қажет екеніне назар аударды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

## Әл-Фараби мұрасы ұлықталды

Рабат қаласында Әл-Фарабидің мұрасын ұлықтауға арналған «Адамзат тарихына Әл-Фарабидің қосқан үлесі» атты I халықаралық конференция өтті. Шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҚР Сыртқы істер министрлігі Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (ИСЕКСО) бірлесе ұйымдастырды.

Алқалы жиынға онлайн қатысқан ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қатысушыларды шараның ашылуымен құттықтап, Шығыстың ғұлама ойшылы, ірі ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабидің әлем өркениетінің дамуына қосқан өлшеусіз үлесіне тоқталды.

Халықаралық басқосуға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің вице-министрі, ИСЕКСО ұйымына кіретін елдердің арнайы өкілдері, фарабитанушы ғалымдар мен ҚазҰУ-дың философия және



саясаттану факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Әл-Фараби – әлемдік өркениеттің көркеюіне ықпал еткен бірігей ұлы тұлғалардың бірі. Ұлы ойшыл мұрасын әр қырынан зерделеуге арналған басқосуда ғалымдар Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының қарашаңырағында өтуінің өзіндік мәні барын айтып, ғибратты ғұламаның ой-тұжырымдары бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпағандығын атап өтті.

Халықаралық басқосу аясында ИСЕКСО жанындағы Ис-

лам әлемі университеттерінің федерациясы мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасында ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Шара барысында ҚазҰУ-дың Әл-Фараби орталығы ұйымдастырған Шығыс ойшылы жайлы жазылған еңбектер мен фотокөрме өтіп, Әл-Фараби мұрасын зерттеуге арналған байқаулар мен зерттеулердің нәтижелері жарияланды. Сонымен қатар, ғылыми жиында ғалымдар «Әл-Фараби және оның адам философиясына әсері», «Әл-Фарабидің ғылым философиясы және саяси философия саласындағы теориялары», «Әл-Фараби музыкасының философиясы және оның эстетикасы» сынды тақырыптарда баяндама жасап, бүгінгі Әл-Фараби зерттеулерін жаңарту мәселелерін жан-жақты талқылады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

## Құқықтық сауаттылық жаіы айтылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алматы қаласы Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Арыстанғани Заппаров «Жастардың құқықтық сауаттылығы жаңа Қазақстанның қоғамдық қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.



Құрметті қонақ білім ордасына сапары аясында университет ректоры Жансейіт Түймебаевпен кездесті. Жаңа бастамалар мен жобаларды, серіктестікті дамыту жоспарларын талқыланған соң, тараптар ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Іс-шараны заң факультетінің

деканы Дәулет Байдельдинов құттықтау сөзбен ашып, Арыстанғани Заппаровтың табысты еңбек жолына тоқталды.

«Арыстанғани Заппаров ішкі істер органдарындағы қызметін 1993 жылы бастаған. Еңбек жолында Арыстанғани Расылханұлы Алматы облысы ІД Криминалдық полиция басқар-

масының бастығы, Көліктегі ІД Криминалдық полиция басқармасының бастығы, ҚР ІІМ Өзіндік қауіпсіздік департаменті бастығының орынбасары, Ақтөбе облысының ІД бастығының бірінші орынбасары болып табысты қызметтер атқарды. 2019 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары болды. Қазіргі таңда Алматы қаласы Полиция департаментінің бастығы болып жұмыс істеуде», – деді декан.

Полиция генерал-майоры Арыстанғани Заппаров жылы ілтипатпен қабылдағаны үшін университет ұжымына алғыс білдіре отырып, ҚазҰУ-да дәріс оқу үлкен мәртебе екенін атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ маған ыстық. Себебі 1993 жылы осы оқу ордасын бітірген едім. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Қазақстан жастарына үш маңызды басымдықты айтқан еді. Ол: білімге ұмтылыс, еңбекқорлық және патриотизм. Біздің жүрегімізде елге деген махаббат болғаны абзал. Қазақстанның болашағын ойласақ, бәріміз жұдырықтай жұмылып, еліміздің даму жолында аянбай еңбек етуіміз керек», – деді Арыстанғани Заппаров.

Дәріс соңында тыңдаушылар көкейдегі сұрақтарын қойып, ой-пікірлерін ортаға салды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ақпарат және коммуникациялар департаменті директорының орынбасары, журналист, ақын Алмат Исәділ Якутия Жазушылар одағы мен Якутскідегі Солтүстік-Шығыс федералды университеті ұйымдастырған «Үлкен қардың игілігі» атты халықаралық поэзия фестиваліне қатысты.

## Бауырлас елмен рухани байланыс артады



Фестивальға қатысушыларды Саха Республикасының (Якутия) басшысы Айсен Николаев арнайы қабылдап, «Біз бауырлас елдермен рухани ынтымақтастығымызды, достық қарым-қатынасымызды өте жоғары бағалаймыз. Әдеби байланыстар халықтарды рухани біріктіріп, жақындастырады. Білім, ғылым саласында да Якутия университеттерінің халықаралық серіктестігін дамыту басты назарымызда» – деп атап өтті.

Әріптесіміз Алмат Исәділ бауырлас елдің басшысына Әл-Фараби атындағы Қазақ

ұлттық университеті ұжымының ыстық сәлемін жеткізіп, Әл-Фараби бейнеленген арнайы кәдесый мен «Qazaq universiteti» газетін, ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық жетістіктері топтастырылған қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі кітапты табыс етті.

Алмат Исәділ Саха Республикасының басшысына Орталық Азиядағы көшбасшы білім ордасының жетістіктері туралы айтып, Якутия жастарын ҚазҰУ-ға шақырды.

Гүлзат ТАБЫН



## Мемлекетіміздің қалыптасуына үлкен үлес қосты

**Академик Сұлтан Сартаев егемен мемлекеттің қалыптасу тарихында, қоғамдық қызметте, халықаралық қатынастарда, заң білімі мен заң ғылымында, Қазақстанның құқықтық саласында тәуелсіздік алғанға дейін де, егемен мемлекет пайда болғаннан кейін де ерекше орын алады.**

Сұлтан Сартайұлы көптеген жылдар бойы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінде қызмет атқарды. Оның мемлекет, құқық, егемендік, құқықтық жүйе туралы тамаша дәрістері көптеген заңгерлердің құқықтық санасында үлкен із қалдырды. Ол елімізде алғашқылардың бірі болып жоғары білікті заңгерлер дайындайтын өз жоғары оқу орнын ашты. 1992 жылдан 2007 жылға дейін КИПМО-да (Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты) белсенді жұмыс істеп, ректор болды.

Академиктің ғылыми идеялары мен көзқарастары кең саланы қамтиды. Бұл егемендік, мемлекеттік тіл, ұлттық қауіпсіздікті ерекше қорғау қажеттілігі, адамның демократиялық құқықтары мен бостандықтарын қолдау, құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениет туралы идеялар заң ғылымы мен құқықтық практикаға үлкен әсер етті.

С.Сартаев өз еңбектерінде бостандық пен тәуелсіздік – қазақ халқының ұлттық санасында ерекше орын алатын ұғымдар екенін ерекше атап көрсетеді. Ежелгі заманнан бері қазақ халқының санасында оның бостандыққа, тәуелсіздікке, әділдікке, тең құқыққа деген табиғи құштарлығы мықты болды. Мұның бәрі болашақ ұрпақ үшін нұсқаулық болып саналды. Шексіз дала кеңістігі, бейбіт өмірдің өзі халқымыздың психикасының ішкі әлеміне, санасына ерік пен еркіндік сезімін мықтап енгізді. Академик Сұлтан Сартайұлының ғылыми еңбектері мен мемлекеттік-құқықтық қызметі еліміздің құқықтық жүйесіне оң әсер етті.

**Алуа ИБРАЕВА,**  
профессор,  
заң ғылымының докторы

**Динара ТҰРСЫНҚҰЛОВА,**  
заң ғылымының  
кандидаты



# Заңгер заңгер

**«Шәкіртсіз ұстаз – тұл». Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заңгер Сұлтан Сартаев еліміздің заң саласының дамуына сүбелі үлес қосқаны өз алдына, шәкірт тәрбиелеп, соңынан ізбасарларын ілестіре білген ұлағатты ұстаз. Ғалымның елеусіз қалмауы, үнемі назарда болуы өзі тәрбиелеген шәкірттерінің де арқасы. Бүгінгі жүрекжарды естеліктер соның айғағы.**

## Саясаттағы салмағы басым еді

**Мемлекеттің, қоғамның қарқынды дамуында ұстаздың алатын орны ерекше, атқаратын қызметі маңызды да жауапты. Ол білімді, адами қасиеттері жоғары болашақ маманды тәрбиелеу арқылы қоғамның жарқын болашағының сенімді тетігін, негізін қалыптастырады. Себебі, егемен еліміздің болашағы жас ғалымдардың, бүгінгі студенттердің – болашақ мамандардың білім дәрежесінің тереңдігімен, сапасымен өлшенеді. Олай болса, ұстаз мемлекеттің, тұтастай қоғамның, оның жеке салаларының жарқын болашағының сенімді тұтқасы, негізі болып табылады.**

Өзінің ұстаздық парызына аса жауаптылықпен қарап, тиісті міндетін жүзеге асыруда талмай, шаршамай еңбек еткен азаматтардың бірі – ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Сартаев Сұлтан Сартайұлы. Академик өзінің өмір жолында мемлекет пен қоғамның істеріне белсене қатысып, жауапты қызметтер атқарды. Ол адал еңбектің үлгісі, нақты азаматтық ұстанымы бар адам болды. Сұлтан Сартайұлы өмірінің басым бөлігін (1952 жылдан бастап өмірінің соңына дейін) аса жа-

уапты қызмет – ұстаздық қызметке арнады. Ұстаздық қызметке мемлекеттің болашағы тікелей байланысты, тіптен тәуелді деп айтуға болады. Себебі, мемлекеттің сәтті дамуының негізгі алғышарты – тамырын тереңге жайған білім, дамыған ғылым болып табылады. Сондықтан да, қарқынды даму бағытын ұстанған кез келген мемлекеттің негізгі бір міндеті – білімді де білікті, мәдениетті, жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеу. Бұл міндетті орындаудың негізгі, қоғам дамуының басты қозғау-

шы күші – ұстаз болатыны ешбір дау тудырмайды. Өйткені, білікті, кәсіби маманды қалыптастыру процесіне белсенді қатысатын негізгі тұлға – бұл ұстаз.

Табысты адамның жиған дүниесіне емес, оның ұзақ жылдар бойы тер төгіп жасаған еңбегі мен ел алдында жинаған абыройына, табысқа жету жолындағы табандылығы мен жанкештілік әрекеттеріне, қалтқысыз атқарған еңбегіне қарап өлшейміз, бағасын беріп жатамыз. Сұлтан Сартайұлы өз өмірін халқына және ғылымға шексіз қызмет етуге арнады. Осылайша өз замандастары үшін ғана емес, қазақстандық ғылымның жас буыны үшін де үлгі бола білді. С.Сартаев – саясаттағы салмағымен, шешендігімен, ғалымдығымен көптеген елдерде танылды.

**Әйгерім ЖАРБОЛОВА,**  
заң ғылымының кандидаты

## Әділ заңның тірегі

**Тұтас бір заңгерлер буынын қалыптастыруға сүбелі үлес қосқан мемлекетіміздің көрнекті заңгер ғалымы, еліміздің ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Сартаев Сұлтан Сартайұлы ортамыздан кетсе де, есімі мен еңбегі жадымызда.**

Заңгер – адамгершілік қасиеттер мен құндылықтарды бойына сіңіре білген, жеке өмірі мен кәсіби өмірін ұштастыра білетін тұлға. Ар, ұят, намыс, әділдік – заңгердің жеке басының сипаты болумен қатар кәсіби қызметінің рухани негіздерін қалайтын басты шындық. Осындай жолда әділдік пен адалдықты ту еткен Сұлтан Сартайұлының еңбегі мен сара жолы келешекте де жастардың бастамашыл ұранына айналып, заң мен ғылым саласында ерекше орын бар енегелі, өрісі кең нақылға айналатыны анық. Ғалымның еңбек еткен жылдары мен естелік еңбектері өз алдына бір даналық қор болып артында қалды.

Тәуелсіздіктің көк туын кө-

теріп, жаңа қадам басқаннан бері мемлекетіміздің Ата заңын бастап, Тіл, егемендік және тәуелсіздіктің барлық маңызды заң құжаттарын қалыптастыруда Сұлтан Сартайұлының үлесі зор болған. Ол тәуелсіз мемлекетіміздің игілігі үшін қай кезде де аянып қалмады. Еселі еңбектің жемісі қашанда мәуелі екенін мойындатқандай. С.Сартаев ақылдың, үлкен ұстамдылықтың, мейірімділіктің, биік адамгершіліктің иесі болды. Ғылымды терең меңгерген және сүйетін ұстаз ғана өз шәкірттерінің бәріне жемісті ықпал жасайды екен. Сұлтан ағай шәкірттерінің тамырын тереңге бойлатып, жемісті еңбектерінің жеңісіне куә болды. Бүгінде ортамызда болмаса да ұстазымыздың ғылым саласы-

на қалдырған құнды ғылыми еңбектерін университет қабырғасындағы студенттер, магистранттар, докторанттар, жалпы ғылымға бет бұрған жас мамандар пайдаланып, оқып білуде. Бүгінгі жаңарған талаптар қоғамы ең алдымен нағыз маманды көбірек бағалайды. Кәсіби шеберлігі жоғары маман дайындау – дәстүрлі міндетіміз. Сондықтан болашақта еліміздің тізгінін ұстайтын ұрпақ әзірлеу жолында ел алдындағы жоғары жауапкершілікті біз жақсы түсінеміз.

Сұлтан ағайымыз өмірінің соңына дейін «Ұлт өрге шығу үшін, ұстаз төрге шығуы керек» деген әділ заңгер, ұлағатты ұстаз еді. Артында өшпес із қалдырған нар тұлғалы Сұлтан Сартайұлының жарқын бейнесі есімізде мәңгі сақталады!

**Қарлығаш УСЕИНОВА,**  
заң ғылымының кандидаты

**Ақылбек ИСАБЕКОВ,**  
заң ғылымының кандидаты

**Академик Сұлтан Сартайұлы өзінің бар ғылыми өмірін 1955 жылдан 2019 жылға дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасында өткізді. Заң факультеті құрылғаннан бастап, осында қызмет етті.**

## Президенттік басқарудың теориялық негізін қалады

Елімізге еңбегі сіңіп, ғылымымыздың өркендеуіне ерен үлес қосқан біртуар тұлғаның мемлекет қайраткері, қоғам белсендісі ретіндегі рөлі жеке зерттеуге әбден лайық. Қазақстанның барлық заңгерлері одан әділдікті үйренді, құқық әлемін танып білді.

Еліміздің тарихында айрықша із қалдырған елеулі жалғыз кеңес, еліміздің ең құрметті он азаматынан құралған Президент Кеңесіне мүше болды. Тәуелсіздіктің тұғыры қаланған тоқсаныншы жылдардағы маңызды да өтпелі кезеңде Сұлтан Сартаевтың Қазақ елі үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ол 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақ КСР-інің мемлекеттік Егемендігі туралы Декларациясының басты авторларының бірі болды. Еліміздің 20-дан астам маңызды заңдарына талдау жасауға қатысты. Еліміздегі президенттік басқарудың теориялық негізін қалады. Қазақ КСР-нің Жоғары Кеңесінің депутаты бола жүріп, Қазақ КСР-інің Президенттік институтын енгізу туралы заң жобасын дайындаушылардың тобын басқарды. Қазақстан Республикасы Ата заңының 91-бабы 2-тармағында белгіленген мемлекеттің біртұтастығын, Республиканы басқару нысанын өзгертуге болмайтыны туралы құқықтық норма да Сұлтан Сартайұлының бастамасы бойынша енгізілгенін айта кеткен жөн.

Бір сөзбен айтқанда, С.Сартаевтың жасаған бұл идеялары Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қамтамасыз етуге негіз болды. Сұлтан Сартаевтың бірқатар еңбектерінде оның патриотизмін атап өтпеуге болмайды.

Сұлтан Сартайұлы мемлекет және құқық теориясы, конституциялық және әкімшілік құқық саласында өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Оның ғылыми жетекшілігімен жиырма заң ғылымының докторы, елуден астам заң ғылымының кандидаты дайындалды.

Сұлтан Сартайұлы өз өмірін халқына және ғылымға шексіз қызмет етуге арнады. Осылайша өз замандастары үшін ғана емес, қазақстандық ғалымдардың жас буыны үшін де үлгі бола білді.

**Нұрлайым МЫҒБАТЫРОВА,**  
Заң ғылымының кандидаты

# Аймақтық хаб құру бастамасын қолдаймын

ҚазҰУ заң факультетінің және басқа да жоғары оқу орындарының оқытушы-профессор ғалымдарынан құралған Қазақстанның ғылыми элитасы елімізде Орталық Азия мен Ауғанстанның орнықты даму мақсаттары бойынша аймақтық хаб құруға бастама көтеріп отырған мәселені қызығушылықпен талқылауда.

Өздеріңіз білетіндей, «хаб» ағылшын тілінен аударғанда орталық, қандай да бір желінің түйіні дегенді білдіреді. Бұл бастама туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдың 18-19 қыркүйегінде Нью-Йоркте өткен БҰҰ саммитінде көптеген елдердің әлемдік көшбасшылары БҰҰ-ның 2015 жылғы Бас Ассамблеясы «Барлығына жақсырақ және тұрақты болашаққа қол жеткізу жоспары» ретінде әзірлеген өзара байланысты 17 мақсат – Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) талқылап жатқан кезінде жариялады. Өйткені осы жаһандық мақсаттардың шешімдері, соның ішінде кедейшілікті жою және планетаны қорғау мәселелері 2030 жылға дейін шешімін табуға тиіс. Көптеген елдерде алға қойған мақсаттардың дені нашар орындалды немесе толығымен тоқтап қалды. Президентіміз оның орындалуын жіті бақылау қажеттігін атап өтті. Әрине, прогресті бәсеңдететін түрлі себептер бар. Олардың легіне COVID-19 пандемиясын, қалыптасқан проблемаларды тереңдеткен климаттық дағдарыс, аштықты жою, денсаулықты қорғау, қоршаған ортаны ластау және т.б. толып жатқан кедергілерді атап өтуге болады. Сондай-ақ, бұдан өзге тиімді, күшті мемлекеттік институттарды құру, әділет



мәселелері және бейбіт өмір сүру мақсаттарына қол жеткізу түріндегі ТДМ міндеттерін орындауды кешіктірудің түсінікті себептері де жоқ емес.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде геосаяси сілкіністер арқылы асқынған, өз кезегінде елдердің ұжымдық күш-жігеріне нұқсан келтіретін қазіргі жаһандық сын-қатерлерге тоқталды. Бұл кедергілерді бір мемлекеттің күш-жігерімен еңсеру мүмкін емес. Көзге көрінетін нәтижелерге әлемдік қауымдастықтың бірлігі арқылы ғана қол жеткізуге болады. Бұл халықаралық қауымдастықты нығайтуға және тұрақты дамуға елеулі қауіп төндіретін климаттық, азық-түлік және энергетикалық дағдарыстарды еңсеруге де қатысты. Мемлекет басшысының синергетикалық тиімділікті қамтамасыз ету үшін өңірлік деңгейде «Бір БҰҰ» қағидатын күшейту талабы басымдықта болады.

ҚР Президентінің елімізде ТДМ бойынша осындай Өңірлік хаб құру туралы бастамасы дер кезінде көтерілді деп есептеймін. Өйткені хаб жұмысы аймақтағы БҰҰ-ның жобалық қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз етуге бағытталады. Мемлекет басшысы сондай-ақ саммит қатысушыларын халықаралық қаржы-сәулет құрылысына жаңа тыныс беруге шақырды. Президенттің пайымынша, тұрақты даму мақсаттарына жету үшін қаржы жүйесі барлық елдердің теңдігін қамтамасыз етуі керек. ҚР Президенті осы саммитте қоршаған ортаны қорғау, білім бе-

ру және денсаулық сақтау мәселелерін шешуге, БҰҰ аясында техникалық қолдау, ғылыми зерттеулер мен тәуекелдерді бағалау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға көбірек қаражат бөлу қажеттігін айтты. Осылайша, Тұрақты даму мақсаттары – барша халықты анағұрлым жақсырақ әлемге апаратын қадам әрі бұл барлық құқықтық жүйелердің өзара әрекеттесуі арқылы ғана мүмкін екеніне көз жетеді. Біздің Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан үшін орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу ұлттық басымдық болатынын, осыған орай еліміз тұрақты болашаққа белсенді түрде инвестиция салып жатқанына тоқталды. Осылайша, елдің мемлекеттік бюджетінің 80 пайызы ТДМ мақсаттарына сәйкес келеді. Әрі осы жағдай бәрімізді қуантады. Қазақстан Президенті Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі күн тәртібін оң бағалауды және Мемлекет басшысының болжамы бойынша, бұл – қазіргі ұрпаққа гүлденген болашақты құруға берілген жалғыз мүмкіндік.

ТДМ өткізу саммитінің қорытындысы бойынша саяси декларация қабылданды. Оның векторы әлем елдерін биік белеске көтеруге ортақ күш-жігер береді. Жаңа Қазақстанда БҰҰ саммитінде айтылған стратегиялық мақсат орындалып, оның міндеттері іс жүзінде жүзеге асатынына сенгім келеді.

**Нажия ҚАЛЫШЕВА,**  
заң ғылымдарының докторы

**Хинди тілі күні аясында Үндістанның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Нагендра Прасад мырза шығыстану факультетінде қонақта болды.**

## Хинди тілінде еркін сөйлейді



Шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы үндітану бөлімі Тұрақты даму мақсаттары аясында «Хинди дивас» – хинди тілі күніне арналған мәдени шара өткізді. Бұл күн хинди тілін Үндістанның ұлттық тілі ретінде тарату мақсатында ресми түрде аталып өтеді. Шешім 1949 жылы 14 қыркүйекте қабылданып, кейін Үндістанның Конституциясымен бекітілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Хинди Дивас мерекесі 1998 жылы алғаш хинди тілі бөлімі ашылғаннан бастап 25 жыл қатарынан ұйымдастырылып келеді. Мәдени шараға мәртебелі қонақтар – Үндістанның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Нагендра Прасад, Свами Вивекананда атындағы үнді мәдени орталығының директоры Санджай Веди, Үндістан Консулының ассистенті Н.Бора, Дж.Неру атындағы университеттің Халықаралық қатынастар факультетінің деканы, профессор Шрикант Кондапалли, Үнді мәдени Кеңесінің өкілі Бхаскар Бикрам Четия,

қазақ-үнді классикалық би орталығының директоры Ақмарал Қайназарова қатысты.

Үндістанның мемлекеттік әнұраны флейтаның сүйемелдеуімен орындалғанына қонақтар тәнті болды. Кеш барысында үнді әндері орындалып, хинди тілінде өлең-жырлар оқылды.

Үндітанушы-студенттер хинди тілінің тарихы туралы бейнебаян даярлап, белсенділік танытты. Үндістан мен Қазақстан арасында саяси-экономикалық, дипломатиялық қатынастардың серпінді дамуына байланысты үнді аймағын зерттеушілерді даярлау маңызды екені айтылды. Хинди тілінде еркін сөйлеп, Үндістанға қатысты терең білімдерін көрсеткен болашақ үндітанушы студенттерге қонақтар риза болды. Шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін үндітану бөлімінің меңгерушісі Сымбат Исмагулова және басқа да үндітану бөлімінің оқытушылары мен білімгерлеріне Үндістан Елшісі атынан алғыс хат, сыйлықтар тарту етілді.

Кеш соңында қонақтарға үнді шайы мен тағам түрлері ұсынылып, еркін сұхбаттасу жалғасты.

**Бота СЕРІКҚАНҚЫЗЫ,**  
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті, м.а. PhD  
Шығыстану факультеті

## Пайдалы бактериялармен байытылған өнім

ҚазҰУ ғалымдары бие және ешкі сүтінен йогурт пен сүзбе шығарды. Университеттің қолданбалы микробиология зертханасы ғалымдары шығарған өнімін «Арғымақ» деп атады.

«Бұл өнім жүрек-қан тамырлары кеселінің алдын алуға, асқазан-ішек жолдарын жақсартуға және ағзаның жалпы иммунитетін көтеруге көмек береді. Йогурт пен сүзбе бие сүтінің негізінде жасалғандықтан өнімді «Арғымақ» деп атадық», – дейді жоба жетекшісі Аида Қыстаубаева.

Өнімге бие сүтімен қоса ешкі сүті де пайдаланылған. Бұлардың өте құнды, құнарлы сүт екенін білеміз. Ғалымдар ешкі сүтінің ана сүтіне өте жақын екенін айтады. Сондықтан ана-

дан сүт шықпаған жағдайда нәрестеге ешкі сүтін беретіні де белгілі.

Аида Қыстаубаева бізбен әңгімесінде былай дейді: «Біз өнімге бактериалды целлюлозны қолданғанбыз. Бактериалды целлюлоза дегеніміз – табиғи полимер. Табиғи полимерден айрықша жолмен микрокапсула жасадық. Сол микрокапсула ішіне пробиотикалық бактерияларды енгіздік. Ал пробиотикалық бактериялар адам ағзасында тоқ ішегіміздегі микрофлораларды байытып отыратын бактериялардың бір түрі. Оның қасиеті мықты. Адамның иммундық жүйесінде, тоқ ішегінде, асқазан-ішек жолдарының кеселіне төтеп беру үшін оның мөлшері жоғары болып тұруы керек. Шартты потогендік және потогендік бактерияларға қарағанда, лактобактерия мен би-



фидобактериялардың ағзаға пайдасы көп. Өкінішке қарай, қазір адам ағзасында осы бактериялар қатты азайып кеткен. Оған өзіміз де кінәліміз. Адам ауырса бірден дәрі-дәрмекке жүгіреді, антибиотик қабылдайды, бұған дұрыс тамақтан-

бау да кері әсерін тигізеді. Алкогольдік ішімдіктер де осы пайдалы бактериялардың көзін азайтады. Сондықтан сырттан оның орнын толтырып отыру керек. Әдетте оны классикалық түрдегі сүт, айран, ірімшік, т.б. өнімдер арқылы да

толықтыруға болады. Алайда біздің асқазан-ішек жолдарымызда түрлі қышқылдар бар, өт қызметі бар, солар осы біз айтып отырған аса пайдалы лакто және бифидобактерияларды жойып жібереді. Сондықтан біз осы екі бактерияны белгілі бір капсулаға енгіздік. Ол үлкен капсула емес, микрокапсула. Ол өз кезегінде тоқ ішекке барған кезде түрлі бактериялардың бөлген ферменттерінің нәтижесінде ашылады, тоқ ішекке пробиотикалық бактерияларды таратады».

Бұл жоба бірнеше жобаның негізінде жүзеге асты. Ғалымдар оған екі жылын сарп етті. Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруымен іске асқан жобаға қоғамның қызығушылығы басым. Бүгінде ҚазҰУ-да дайындалған отандық өнім толық сертификатталып, патент алды. Қазір мамандар өнімді өндіріске енгізу үшін коммерцияландыру жұмыстарымен айналысуда.

**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

# Казахстанские инициативы на вызовы современности

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев недавно выступил на общих дебатах в рамках 78-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. Все казахстанцы, включая ВУЗовскую общественность и студенческое сообщество активно и заинтересованно обсуждают идеи, высказанные лидером страны. Выступление Президента вызвало огромный интерес у граждан страны, так как затрагивает важнейшие вопросы жизнедеятельности не только казахстанского общества, но и всего мира. Красной нитью через все выступление Главы государства выделяется мысль, что общая приверженность построению лучшего мира должна быть выше различий между разными странами, нациями и народностями, религиями и конфессиями, политическими взглядами и интересами. Казахстан готов сотрудничать со всеми государствами в деле построения более светлого, справедливого и устойчивого мира.

Выступая в ООН, Президент Казахстана заявил, что сегодня человечество сталкивается с невиданными прежде колоссальными сдвигами и вступает в очередной период геополитического противостояния. Суть угрозы исходит из одновременной эрозии основополагающих принципов международного права, воплощенных в Уставе ООН, что порождает конфликтные ситуации на всех уровнях. Такая ситуация нарушает работу торговой системы, ослабляет цепочки поставок, которые являются двигателем экономики, а также наносит ущерб продовольственной безопасности и ускоряет инфляцию.

Наибольшую обеспокоенность у нас, как у преподавателей, вызвали слова Президента, что конечным результатом может стать потеря человечеством уверенности в стабильном развитии мира в будущем. «Молодое поколение больше не верит, что мир, который они унаследуют, будет лучше. Поэтому Казахстан считает необходимым вновь заявить о своей непоколебимой приверженности принципам Устава ООН», – отметил Глава государства. Для решения возникших в последние годы проблем и для ответа вызовам современности, Казахстан предлагает следующие меры.

1. Казахстан призывает все стороны искать дипломатическое решение конфликтов на основе Устава ООН и общепризнанных норм международного права. Как отметил К-Ж.К.Токаев, в разрешении международных споров всегда должны преобладать дипломатия и диалог.

2. Некоторым международным структурам не удалось справиться с вызовами сложного современного мира. Это, в первую очередь, касается Совета Безопасности. Он должен стать более представительным, чтобы другие страны, включая Казахстан, могли играть более значительную роль в поддержании мира и безопасности.

3. Аналогичным образом Казахстан как действующий председатель Шанхайской организации сотрудничества вы-



двинул инициативу о мировом единстве за справедливый мир и согласие. Эта инициатива, к которой Казахстан пригласил другие страны присоединиться, включает в себя новую парадигму безопасности, справедливую экономическую среду и чистую планету.

4. Казахстан заявляет о своей неизменной приверженности Договору о запрещении ядерного оружия. Мы поддерживаем развитие новых механизмов в области разоружения и нераспространения.

5. Глава государства напомнил, что COVID-19 продемонстрировал нашу уязвимость перед будущими биологическими рисками и угрозами. В связи с этим Казахстан обратился к Генеральному секретарю и Председателю данной Ассамблеи с призывом запустить процесс создания Международного агентства по биологической безопасности.

6. Президент Токаев подчеркнул значение «Новой повестки дня для мира» предложенной Генеральном секретарем ООН.

7. В целях развития принципов единства и многообразия

и взаимного уважения, укрепления межрелигиозного и межконфессионального диалога, следует подчеркнуть значимую роль Съезда лидеров мировых и традиционных религий, проводимого в Астане.

8. В выступлении Президента особое внимание было уделено глобальным экономическим и социальным проблемам, в частности, проблеме голода. Казахстан готов выступить в качестве регионального хаба поставок продовольствия. Для этого у нас есть все необходимые ресурсы, инфраструктура и логистика.

9. Говоря о проблеме изменения климата Лидер страны озвучил инициативу Казахстана по открытию в Алматы Проектного офиса для Центральной Азии по изменению климата и «зеленой» энергетике. В Казахстане в 2026 году планируется проведение Регионального климатического саммита под эгидой ООН.

10. Глава государства, говоря о проблемах всеобщей и региональной безопасности, подчеркнул, что Афганистан должен стать стабильным, процветающим государством

и надежным торговым партнером. Он призвал поддержать инициативу о создании Регионального центра ООН по ЦУР для Центральной Азии и Афганистана в Алматы.

В завершении своего выступления Президент РК Токаев подчеркнул важность совместных действий всего мирового сообщества по решению острых проблем современного мира для обеспечения устойчивого и безопасного будущего для грядущих поколений. «Здоровье, благополучие и хорошее образование подрастающего поколения являются ключевыми приоритетами государственной политики Казахстана. Я возлагаю свои надежды на молодое поколение, которое поведет нашу страну в будущее. На родине и за рубежом мы работаем ради этого лучшего будущего. Давайте возродим дух единства и коллективных действий, который лежит в основе Организации Объединенных Наций», – акцентировал К-Ж. К. Токаев.

Выступление Лидера страны на 78-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН вызвало широкое обсуждение. Преподаватели и студенты, магистранты и докторанты КазНУ им. Аль-Фараби, вся прогрессивная ВУЗовская общественность, неравнодушные граждане страны выражают глубокую солидарность мыслям и инициативам Лидера государства и будут совместно трудиться для их осуществления, так как это важно для всех.

**Дина БАЙМАХАНОВА,**  
доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права

**Цели в области устойчивого развития (ЦУР), также известны как Глобальные цели, были приняты Организацией Объединенных Наций в 2015 г. 17 ЦУР интегрированы, тесно взаимосвязаны и их реализация должна обеспечить к 2030 г. баланс социальной, экономической и экологической устойчивости, мир и процветание для всех людей на планете. Рассмотрим современное состояние и перспективы развития возобновляемых источников энергии (ВИЭ) для обеспечения населения планеты недорогостоящей и чистой энергией.**

Казахстан обладает крупными запасами энергетических ресурсов (нефть, уголь, уран). Энергетическая отрасль является одной из базовых отраслей промышленности Казахстана, от уровня развития которой во многом зависит конкурентоспособность продукции страны на мировом рынке. В 2022 г. в Казахстане доля угольных станций в производстве электроэнергии составила 66,7%, газовых - 21,5%, ГЭС - 7,3%, ВИЭ - 4,5%. В Послании Президент Рес-

## ВИЭ в Казахстане

публики Казахстан К.К. Токаев поставил задачу обеспечения энергетической безопасности страны за счет собственных ресурсов, включая реализацию проектов ВИЭ, совершенствования подходов к управлению энергетической отраслью, торговли квотами на выбросы парниковых газов, развития водородной энергетики. Решение о строительстве атомной электростанции, как заверил Президент, будет принято после проведения всенародного Референдума.

В настоящее время общая генерация электроэнергии в Казахстане в 2022 г. составила 112,8 млрд. кВт·ч, из них 5,11 млрд. кВт·ч – объем выработки ВИЭ. По данным Министерства энергетики, по состоянию на 2022 г. в Казахстане было установлено 130 объектов ВИЭ общей мощностью 2400 мегаватт (МВт), в том числе 46 ветряных электростанций, 44 солнечных электростанций, 37 гидроэлектростанций и 3 электростанции на биомассе. В 2023 г. в Казахстане планируется ввести в эксплуатацию 15 объектов общей мощностью 276 МВт. Ветровой потенциал Казах-



стана составляет более 1 трлн. 820 млрд. кВт·ч в год. Примерно на половине территории страны скорость ветра составляет 4-5 метров в секунду на высоте 30 метров. При этом наиболее высокий ветровой потенциал – в районе Каспийского моря, а также в Северном и Южном Казахстане. Потенциал солнечной энергии составляет 1 трлн. кВт·ч. Наиболее предпочтительные районы размещения солнечной генерации – Приаралье и южные области страны, испытывающие дефицит электроэнергии.

Необходимо отметить, что переход к «зеленой» экономике требует больших инвестиционных вложений, при этом данные проекты должны быть оку-

паемыми. Требуется привлечение не только государственных, но и частных инвестиций, а для этого инвесторам необходимы гарантии правительства о покупке электроэнергии, выработанной из возобновляемых источников, по фиксированным ценам, а также налоговые льготы. В Послании президент К.К.Токаев отметил о необходимости привлечения зеленых финансов (облигаций) Международным финансовым центром Астана (МФЦА), созданным в 2018 г. для развития и продвижения зеленых финансов в Казахстане и регионе Центральной Азии. Центр оказывает первую помощь потенциальным эмитентам, инвесторам и игрокам рынка по

вопросам, связанным с подготовкой к выпуску зеленых облигаций на Бирже МФЦА. Зеленые финансы – это инвестиции и другие финансовые инструменты, направленные на реализацию экологически чистых, энергоэффективных и низкоуглеродных проектов. В 2018 г. Казахстан перешел на систему аукционов – процесс конкурентных торгов, при котором разработчики ВИЭ представляют свои предложения для заключения контрактов на поставку электроэнергии в сеть.

Казахстан имеет уникальные возможности и предпосылки для «зеленой» экономики. Большая территория, выгодное геополитическое положение, имеющиеся природные ресурсы, мировой опыт, рост предложений в области зеленых технологий и другие факторы будут способствовать успешной реализации данных возможностей. В долгосрочных программных документах предусмотрено постепенное увеличение доли выработки электроэнергии из альтернативных источников: с 4,53% – в настоящее время до 15% – в 2030 г. и до 50% – в 2050 г.

**Бахыт БАЙТАНАЕВА,**  
канд. экон. наук, доцент кафедры «Экономика» ВШЭБ

Менің бұл естелігім өзінің бар саналы өмірін ғылымға, нақтырақ айтқанда, қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатқан ғылымның бағыты – криптографияға арнаған белгілі ғалым, математик, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтының Ақпараттық қауіпсіздік зертханасының меңгерушісі Бияшев Рүстем Гакашұлына арналады.

## Ұстазымыз әрбір мәселені кәсіби түрде шешетін



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистратурасында «Алгебра, геометрия және математикалық логика» кафедрасында білім алып жүрген кезімде ұстазымыз Ержан Байсалов тобымызға криптография бойынша арнайы курс оқыды. Сол кездері орыс тілінде ақпаратты қорғау мен криптография бойынша кітаптар өте сирек кездесетін, ал қазақ тілінде мүлде жоқтың қасы еді. Сол себепті, лекторымыз материалды ағылшын тіліндегі әдебиеттен аударуға мәжбүр болатын. Соған қарамастан, ол өзінің пәніне деген қызығушылығымызды оята білді және біз оның дәрістерін үлкен ықыласпен тыңдадық. Дипломдық жетекшіні таңдау уақыты келгенде, курстас магистранттармен бірге Ержан Рахметуллаұлының ғылыми жетекшілікке, ал, магистрлік диссертация тақырыбын криптография саласы бойынша таңдадық.

Оқу барысында Ержан Рахметуллаұлы бізге Информатика және басқару мәселелері институтының Ақпараттық қауіпсіздік зертханасы туралы ақпарат беріп, бізді осы институттың белді ғалымы Рүстем Гакашұлымен таныстырды. Сол жылдары, дәлірек айтқанда, 1994 жылы Р.Бияшев институт директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары қызметін атқаратын. Сонымен қатар институттың Ақпараттық қауіпсіздік зертханасының меңгерушісі болатын. Аталған зертхана қызметкерлері еліміз үшін тың бағыт болып саналатын ғылымның салалары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізді. Атап айтқанда, модульдік арифметика негізінде ақпаратты қорғаудың симметриялы және асимметриялы криптографиялық жүйелерін, оның ішінде ұсынылған криптоберіктілік деңгейінде әзірлеу, зерттеу және модельдеу, мәліметтер қорына қолжетімділікті шектеуді басқару жүйелерін әзірлеу сияқты бағыттарын қарастырды. Рүстем Гакашұлы таныстықтан кейін ғылымның осы саласы бойынша қысқаша сұхбат жүргізіп, бізден криптография бағытына неге қызығушылық танытқанымызды сұрады. Кездесу соңында «Жарайды, танысып бастандар, ізденіндер» деп қорытындылады. Кейін білгенімдей, бұл «іздену» ұстазымының мектебіне қосылуының алғашқы кезеңі екен. Жас мамандардың өтуі қажет «бақылау» кезеңі Рүстем Бияшевтің педагогикалық даналығының көріністерінің бірі болды. Осылайша, жұмыстың осы түріне бейім адамдарды ол табиғи түрде таңдайтын

және олардың өмір жолын таңдаудағы қателіктердің мүмкіндігін азайтатын.

Осыдан кейін, біз, 3 магистрант Ақпараттық қауіпсіздік зертханасына инженер болып жұмысқа қабылдандық. Менің ғылымдағы жолым осылай басталды.

Магистратураны аяқтағаннан кейін ҚР БҒМ Информатика және басқару мәселелері институтына 05.13.01 «Ақпараттық жүйелік талдау, басқару және өңдеу» мамандығы бойынша сырттай аспирантураға түстім. Ақпаратты қорғау үшін ақырлы алгебралық құрылымдарды қолдану саласына мамандандым. 2009 жылдың ақпан айында Р.Бияшев пен С.Нысанбаеваның жетекшілігімен аталған мамандық бойынша техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған «Ағындық шифрлар үшін кілттік тізбектерді генерациялау мен таратуды әзірлеу және зерттеу» тақырыбында диссертациялық жұмысымды сәтті қорғадым.

Қазір зертханаға жұмысқа орналасуға келген жастармен танысқанымда Рүстем Гакашұлының біздің зертханада осындай тәртіпті орнатқан кезде қаншалықты парасаттылық танытқанына көз жеткізгендеймін. Онымен тілдесу өте оңай және көз келген мәселе бойынша әрқашан кеңес алуға болатын. Ол әрқашан қиын жағдайдан шығудың дұрыс жолдарын көрсететін және көптеген мәселелерді кәсіби түрде шешетін.

Рүстем Гакашұлы көптеген кәсіби мамандармен, белгілі ғалымдармен және ақпараттандыру саласындағы қызметкерлермен қарым-қатынаста болды. Олармен қызмет пен өмірдегі көпжылдық байланыстарының өзіне деген көп факторлы әсерлерін ерекше жылудықпен және үлкен ризашылықпен айтып отыратын. Олардың ішінде ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшесі профессор И.Я.Акушкин, АЕО директоры профессор Д.И.Юдицкий, ҚР ҰҒА академигі, профессор В.М.Амербаев, сондай-ақ ғылым докторлары профессорлар И.Т.Пак, Ю.Г.Дадаев, Ю.А.Михеев, П.И.Братухин, В.А.Гадасин, А.Л.Щерс, В.Н.Квасницкий, В.А.Герасименко, Ю.Н.Черкасов, В.А.Конявский, В.Г.Лисицын сияқты көрнекті ғалымдар мен тағы басқа да тамаша адамдар ерекше орын алды.

Рүстем Гакашұлы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі нормативтік-заңнамалық, ұйымдастырушылық, бағдарлама-

лы-техникалық және басқа шараларды біріктіретін кешенді жұмыс екенін көтерген алғашқы ғалымдардың бірі. Біздің елімізде ақпаратты қорғауда негізінен шетелдік аппаратты-бағдарламалық құрылғылар басым қолданылатындығы, бұның құрушылар үшін ашық екенін айтып отыратын. Ақ-

параттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің отандық жүйесін құру, оларды кейіннен аппараттық-бағдарламалық іске асыра отырып, құпиялықтың әртүрлі деңгейлері үшін ақпаратты қорғау әдістерін, моделін және алгоритмдерін әзірлеу қажет екендігін сөз ететін.

Рүстем Гакашұлының еңбегінің арқасында Информатика және басқару мәселелері институтында жүргізілген теориялық зерттеулердің нәтижелері практикалық қолданыс тапты. Мысалы, криптография мен электронды қолтаңбаны қалыптастыру жұмыстары бойынша құрылған әдістері – талапкерлерді кешенді тестілеудің бағдарламаларын қорғау үшін қолданылды. ҚР Жоғары аттестаттау комиссиясы, республикалық «Жекешелендіру» ақпараттық-есептеу жүйелері және «Қалқаман» қалалық ауруханалары үшін автоматтандырылған жүйелері құрылды.

Р.Г.Бияшев әріптестері арасында үлкен бедел мен құрметке ие болды. Ол өзінің ақылдылығымен, әріптестеріне – жанашырлығымен, өзіне – талапшылдығымен, жұмысқа – адалдығымен, адамдарға – мейірімі мен риясыздығымен ерекшеленетін. Ғалым өмірінің соңғы күндеріне дейін Ақпараттық қауіпсіздік зертханасының қызметкерлері айналысатын ақпаратты қорғаудың криптографиялық алгоритмдерін әзірлеу, зерттеу және іске асыру бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бағдарламалы-нысаналық және гранттық қаржыландыру жобалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етті.

Біздің және Рүстем Гакашұлымен араласқан адамдардың есінде ол әрқашанда адалдықтың, шыншылдықтың және риясыздықтың мәңгілік үлгісі болып қала бермек. Оның жанында болу бақыты бұйырған кез келген адам үшін ол әрдайым көмекке келуге дайын мейірімді жан ретінде мәңгі есте сақталатыны хақ. Ал жас ғалымдар үшін Рүстем Гакашұлы үлгі тұтуға лайық тұлға болып тарихта қалатынына кәміл сенімдімін.

Ұстаздың ұлық өнегесі шәкірттерінің жадында мәңгі жаңғырып тұрмақ, Рүстем Гакашұлы тамыры терең ғылым саласының қайталанбас қайраткері, біздің мәңгілік мақтанышымыз.

**Нұрсұлу ҚАПАЛОВА,**  
ҚР БЖБМ АЕТИ жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

## Түркі әлемі математиктері бас қосты



Университетіміздің механика-математика факультетінің оқытушы-ғалымдары Түркістан қаласында өткен түркі әлемі математиктерінің VII Дүниежүзілік конгресіне (TWMS Congress-2023) қатысып қайтты.

Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде түркі әлемі Математикалық қоғамдастығының, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Түркістан облысы әкімдігінің және аталмыш университеттің қолдауымен ұйымдастырылған шараға 20 елден 500-ден аса ғалым математиктер қатысып, математиканың 10 бағыты бойынша ұйымдастырылған секциялар мен бір мини-симпозиум отырыстарында заманауи математиканың соңғы ғылыми нәтижелері бойынша 405 баяндама жасалды.

жылы құттықтауын жолдады.

ҚР Ұлттық инженерлік академиясының және Түркі әлемі математиктері қоғамының президенті академик Бақытжан Жұмағұловтың төрағалығымен өткен алқалы шараға Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды мен ғылым және жоғары білім вице-министрі Д.Ахмед-Заки де қатысты.

Конгресс кезінде қатысушылар заманауи қоғам алдына қойылған міндеттерді шешудегі математикалық ғылымның рөлін арттыруға ерекше көңіл бөлді. Форумда сонымен қатар ақпараттан-



Конгрестің негізгі мақсаты – ғалымдардың халықаралық байланысы мен ғылыми ынтымақтасуының кеңейту, математикалық ғылымның дамуына ықпал ету және математиканың, ақпараттық технологиялардың жетістіктерін ғылыми зерттеулерде, білім мен техникада қолдану сұрақтарына назар аудару.

Әлемдік конгрестің ашылу салтанатына арнаған құттықтау хатында мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Математика – адамзат дамуы тарихында ерекше орын алатын ғылым. Оның жетістіктері экономикада, үздік технологияларда, басқа салаларда да кеңінен қолданылады. Мұндай ұжымдық жиынның түрік халықтарының астанасы саналатын Түркістан қаласында өткізілуі біздің елімізде математиканың дамуына жаңа импульс беретіні күмәнсіз», – деп жазды. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайлов форумға қатысушыларға үлкен табыс тілеп, өзінің

дыру мен математиканы орта және жоғары мектептерде оқытудың заманауи мәселелері де қарастырылып, түрік әлемі математиктері көтерген өзекті мәселелерді бірігіп шешудің ғылыми бағдарламасын әзірлеу ұсынылды.

Конгрестің соңғы отырысы түркі әлемінің жетекші ғалым-математиктерін марапаттау рәсімімен аяқталды. Бұл тізімде Математиканың дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Түркі әлемі математикалық қоғамының медалін иеленген ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Нұрлан Темірбеков те бар. Дарынды әріптесімізге жаңа ғылыми жетістіктер тілейміз.

**Болат ӘБЕНОВ,**  
Механика-математика факультетінің аға қурау-эдвайзері, ҚР Журналистер одағының мүшесі

## Студенттер қалашығындағы спорт алаңы

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттер қалашығында тұрақты дамудың 3 мақсаты – «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» аясында воркаут спорт алаңы ашылды. ҚазҰУ-дың заң факультеті мұндай сыйлықты қарашаңырақ ҚазҰУ-дың құрылғанына 90 жыл толуы қарсаңында студенттерге тарту етіп отыр.**



Салтанатты жиында Қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының меңгерушісі Р.Жансараева, Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі з.ғ.д., профессор С.Сүлейменова, Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі з.ғ.д., профессор Г.Қуаналиева, Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі з.ғ.к. К.Усеинова

сөз сөйлеп, студенттерге ақжарма тілектерін жеткізді. Заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының ардагері, заң ғылымдарының докторы, Е.Рахметов атап өткендей, «Workout» спорт алаңының ашылуы студенттердің жақсы дене шынықтыруын қолдау және жастар үшін қызықты бос уақытын ұйымдастыру құралы ретінде өрекет етеді. Сондай-ақ шара барысында ғалым жас-

тарды спортпен шұғылдануға ынталандыратын бірнеше спорт әдістерін көрсетті.

Қызыл лентаны каратэ-додан әлем чемпионы, заң факультетінің 1-курс студенті Бекнар Төлеген кесті.

Алаңда спорттық тренажерлер мен жабдықтар орналастырылып, демалуға және әңгімелесуге арналған орындар қойылған.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

**Химия және химиялық технология факультетінің Е.Ерғожи атындағы Ғылыми кеңесінің мәжіліс залында оқытушы-профессорлық құрам, докторанттар мен магистранттардың біліктілігін арттыруға арналған халықаралық курстар өтті. Курстар дайындықтың үш бағыты бойынша жүргізілді. Олар: Теориялық және қолданбалы химия бойынша халықаралық одақтың (IUPAC) қызметі туралы (онлайн/офлайн); Қоршаған орта объектілерін радиациялық бақылау (офлайн); Өсімдік шикізатын өңдеудің технологиялық ерекшеліктері (офлайн).**

«Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ, сондай-ақ Өзбекстан елінен Жызақ мемлекеттік педагогикалық университеті, Шараф Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университеті сияқты білім беру ошақтарының оқытушы-профессорлар құрамы, докто-

## Біліктілікті арттыруға арналған курс

Іс-шараның бастамашысы және демеушісі: білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ислам ұйымы (ICESCO).

Курстың негізгі мақсаты – IUPAC қызметімен танысу, халықаралық байланыстар және шетелдік ғалымдармен ынтымақтастық орнату, сондай-ақ минералды және өсімдік шикізатын өңдеу саласындағы заманауи үрдістер туралы жаңа білім алу.

Курстарды шетелдік және отандық ғалымдар жүргізді. Шақырылған дәріскерлер ретінде IUPAC (халықаралық теориялық және қолданбалы химия одағы) беделді халықаралық ұйымының, сондай-ақ ҚҰЗТУ (Қазан қ., РФ) ғалымдары қатысты. Олардың ішінде IUPAC атқарушы комитетінің мүшесі (Middlesex University, UK) Dr Hemda Garelick, IUPAC химия және қоршаған орта комитетінің мүшесі (University



of Milan, Italy) Ph.D. Matteo Guidotti және

ҚҰЗТУ жылу техникасының теориялық негіздері кафедрасының доценті (Қазан қ., РФ) т.ғ.к. С.Мазанов болды. Біліктілікті арттыруға арналған халықаралық курста «Ә.Бектуров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ, Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, ҚР ТЖМ

ранттар мен магистранттар белсене қатысты. Курстың нәтижесінде бәріміз IUPAC қызметімен таныстық. Сондай-ақ халықаралық байланыс жетіліп, шетелдік ғалымдармен ынтымақтастық орнату жұмыстары жүзеге асты.

**Ләйла ҚҰДРЕЕВА,**  
ҚазҰУ доценті

**Философия және саясаттану факультетінде «Орталық Азия елдеріндегі су ресурстарын басқару ісіндегі сын-қатерлер» деген тақырыпта алғашқы дәріс оқу шарасы өтті.**

## Су ресурстарын басқару жаңы айтылды

Дәріс спикері – Нархоз университетінің су ресурстарын зерттеу бойынша арнайы сарапшы Жания Хайбуллина.

Шараны факультет деканы Бекжан Мейрбаев ашып, еліміздегі су ресурстарын пайдалану проблемаларына тоқталды. «Бүгінде сумен қамтамасыз ету мәселесі Орталық Азия, оның ішінде біздің еліміз үшін өте өзекті. Қазақстанның бірқатар өңірінде су тапшылығы айтарлықтай сезіледі. Сондай-ақ, ұлттық экономика, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік кешеннің дамуы да көбіне елдің сумен қамтамасыз етілу деңгейіне тікелей байланысты», – деді. Одан әрі ол өз сөзінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда және тұрғын үй-коммуналдық салада суды пайдалану мәселесі маңызды міндеттердің бірі болуы керек екенін атап өтті.

Спикер Жания Хайбуллина өзінің мазмұнды дәрісі бары-



сында еліміздің су ресурстарын пайдалану жай-күйіне тоқталды. Осы салада санитария нормаларын сақтауға, пайдалану болған сын-қатерлерге толып түсініктеме беріп, талдау жұмысын жүргізді. Сондай-ақ, қоршаған орта түйткілдері мен экожүйелерді сақтауға, климаттық тәуекелдерді реттеудің халықаралық тәжірибесіне және су қауіпсіздігінің басқа да өзекті мәселелеріне қатысты мысалдар келтірді.

Тағы бір айта кететіні, шара инстаграмм желісінде тікелей эфир арқылы көрсетілді.

**Гүл БАЯНДИНА**

**«Алматы марафонына» қатысқан Медицина және денсаулық сақтау факультетінің ұстаздары қазақстандық рекордтар кітабы КИЭС куәлігін алды. Елуден аса елдің желаяқтары бағын сынаған дәстүрлі марафон еліміздегі ең ірі жүгіру жарысы.**

## Марафоншылар марапатталды

Биыл марафоншылар «Бүкіл әлем бізбен бірге» ұранымен жүргізді. Айтулы шараға қазақстандықтармен бірге әлемнің түкпір-түкпірінен, тіпті Австралиядан АҚШ-қа дейінгі спортшылар қатысқан. Алматы марафонының жұлде қоры 8 450 000 теңге болды. Барлық жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

2023-2024 жылғы оқу жылының басталуымен тұспа-тұс келген «Алматы марафоны» салауатты өмір сүру салтын факультет арасында насихаттаудың ең негізгі көрсеткіші болды. Марафонға қатысып, факультет деңгейінде әріптестеріне үлгі көрсеткен Денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру кафедрасының оқытушылары Қайни Байғонова, Руслан Жұмабаев, Бибінуір Қабдығалиқызын мақтанышпен атаймыз.

Кафедрамыздың аға оқытушысы, медицина ғылымдарының кандидаты Қайни Сағынбайқызы скандинавиялық жаяу жүргіншілерге арналған 10 км қашықтық бойынша марафонға



тұңғыш рет қатысты. Әріптесіміздің тұңғыш қатысуына орай биыл осы қашықтыққа рекордтық 600 адам қатысып, бұл оқиға Қазақстанның рекордтар кітабына енгізілді. Кафедра оқытушысы, докторант Бибінуір Қабдығалиқызы 18-34 жас әйелдер арасында 10 км қашықтықта 1815-орында болып мәреге 1 сағат 21 минутта жетті. Ерлер арасындағы 10 км аға оқытушы, PhD әрі отоларинголог дәрігеріміз Руслан Жұмабаев мәреге 1 сағат 9 минутта жетті. Медицина факультеті салауатты өмір салтын қолдап, спорттың дамуына үлес қосып жүрген әріптестерін мақтан тұтады.

**Мерей ӘДІЛҚЫЗЫ,**  
Медицина және денсаулық сақтау факультеті оқытушысы

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Басқарма Төрағасы – Ректоры

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ

**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ

**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

**Газетке жазылу индексі: 64787**

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.